

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/EDGO6589>

***Ж. Т. Қадыров¹, Ж. С. Кулибекова²,**

Ә. Қ. Шапауов³, Г. К. Бигужина⁴

^{1,2,4}М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Петропавл қ.;

³Қазақ ұлттық өнер университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <http://orcid.org/0000-0001-5494-9105>

²ORCID: <http://orcid.org/0000-0002-4951-5211>

³ORCID: <http://orcid.org/0000-0002-3709-4309>

⁴ORCID: <http://orcid.org/0009-0009-0801-5403>

*e-mail: zhkadyrov_777@mail.ru

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІ» ӘҢГІМЕСІ МЕН Ғ. МҮСІРЕПОВТИҢ «ҰЛПАН» РОМАНЫ БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті әйел образын жаңа қырынан суреттеген шығармаларға өте бай. Сондай шығармалардың қатарында қазақ әдебиеті тарихына жаңа леп әкелген «Шолпанның күнәсі» әңгімесі мен «Ұлпан» романы. Мақалада Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесі мен Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романына салыстырмалы талдау жасалады. Талдау шығармалардың тақырыптық, идеялық, көркемдік ерекшеліктеріне негізделеді. Ұлттың анасы, ұрпақтың тәрбиешісі, әулеттің аяулысы болған қазақ қыздарының тағдыры айрықша суреттеледі. Шығармалардың әсерлі сезім мен жан толғауы секілді әсер беретін ерекшелігі, кейіпкерлер бейнесінің, образының тосындығы, туындылардағы ақындық тіл, кейіпкер ойымен астасып кететін толғаныстар шығармалардың көркем табиғатын тануға жетелейді.

Әр адамның ішкі жан дүниесі нәзік те терең сезімдерге толы. Сол сезімдерді оқырманға жеткізе білу – автордың шеберлігі. Ішкі сезім сірімдерін автор көбіне психологиялық жайттар арқылы жеткізеді. Сондай психологиялық детальдар оқырманның жан дүниесін, жүрегін елжіретпей қоймауы мүмкін емес. Сондықтан да бүгінгі мақаламыздың негізі болып отыраған қос туынды әйел

адамның ішкі психологиясының көрінісі. Қазақ әдебиетінде елжүлі орны бар классикалық шығармалар саналатын «Шолпанның күнәсі» мен «Ұлпан» туындыларында әйел психологиясы мен нәзік болмысы анық көрінеді.

Қазақ әдебиетіндегі аналар галереясын жасаған Ф. Мүсіреповтің Ұлпан образы мен сыршыл ақын Мағжанның Шолпаны арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Мақалада осы ерекшеліктер шығарма үзінділерімен талданады.

Мағжанның «Шолпанның күнәсі» әңгімесі мен Ғабиттің «Ұлпан» романы – әйел жанының психологиялық қатпарларын ашу арқылы қазақ прозасына жаңа бағыттың бастауына жол берді.

Кілтті сөздер: әйел бейнесі, ұрпақ жалғастығы, ана образы, қазақ әйелі, әдебиеттегі психологизм.

Кіріспе

Мағжан Жұмабаев ақын ғана емес, кесек тұлғалы жазушы. Қазақ әдебиетіндегі алғашқы психологиялық әңгімелер жазған ұлы тұлға. Қоғамның даму тенденциялары тұлғаның моральдық-адамгершілік сенімдері prizмасы арқылы сыртқы дүниенің даму аспектілерін айтарлықтай жаңартатыны анық. Соны түсінген Мағжан әдебиетке қоғам талабына сай жаңа леп беруге тырысты. Оған дәлел психологизмнің қазақ әдебиетіндегі шебер үлгісі болған – «Шолпанның күнәсі» әңгімесі. Шағын болғанымен, шымыр әңгіме. 1923 жылы жазылған бұл туынды қазақ әдебиетіндегі алғашқы психологиялық туындылардың бірі. С. П. Белокурованың әдеби терминдер сөздігінде психологизм «Әдеби шығармадағы адамның рухани өмірін сипаттайтын, яғни кейіпкердің тұлғалық қасиеттерін, эмоциялық өзгерістерін, ішкі жан дүниесінің өзгеру динамикасын сипаттап жеткізетін әдіс» ретінде қарастырылған [1, 217-б.]. Мағжан да осы анықтамаға сай Шолпанның жан дүниесінің өзгеріп отыруын, эмоцияларын, қорқынышын, өкінішін, адасуын, өзін жазалауын, іштей күйінуін, жарына, жаратушыға ренішін шебер суреттеген.

«Шолпанның күнәсі» – ішкі әлемі тұңғыш әйел тағдырын суреттейтін шығарма. М. Жұмабаевтың жазған бір ғана әңгімесі қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың, жанрдың келгенін көрсетеді. Мағжан қолданған терең психологизмді барлық жазушы жалғастырып әкетті деп айта алмаймыз. Бұл турасында ғалым А. Б. Есин өз зерттеулерінде адамның ішкі әлемі бірден әдеби шығармаларда толыққанды бейнелеу нысанына айналмағандығын, кейіпкердің сыртқы келбетіне көбірек назар аударылып, оның ішкі жан дүниесіне терең үңілмей, жай ғана уайымы суреттелгенін айтады. Зерттеушінің ойынша, психологизмнің іргетасы болып табылатын жеке

тұлғаның өзіндік ерекшеліктеріне сол замандағы қоғамдық санада қызығушылық болмаған, сондықтан да идеялық-адамгершілік мәселелердің туындауы мүмкін емес деп санаған [2]. Десек те, 1974 жылы жазылған Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы қазақ әдебиетіндегі психологизмді жаңа белеске шығарғандай.

Қазақ әдебиетінде аналар бейнесін ерекше көркемдікпен сомдаған суреткер жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы. «Ұлпан» – тарихи роман. Романның кейіпкерлері – Ұлпан, Есеней, Мүсіреп, Шынар – өмірде болған жандар. Автордың айтуынша, Ұлпанды өз ішінде қырық жыл бойы сомдап жүрген. Өз өңірінің аузында Ұлпан бейнесі сол уақыттағы қазақ әйелдерінің жиынтық образын көрсетеді. Ғ.Мүсіреповтің айтуынша, «Әрбір жазушының ойында әр кезде өзімен бірге жасап, толыға түскен бейнелері болу керек. Менің ойымда Ұлпан қырық жыл бірге жасап жүрді. Мен ол бейнені әр қырынан көрсетуге тырыстым – ойы, сезімі, сырт суреті, жас кезі, есейген кезі, мінезі, мейірімі арқылы» [3, 469-б.]. Міне, жазушы Ұлпанды сонша жыл ойында ұстап, көркем шығармаға негіз етуінде кейіпкер бейнесінің ірілігі, шынайылығы жатыр деп топшылаймыз. Біздің бұл ойымызды профессор Ж. Қадыров өз мақаласында былай өрбітеді: «Шынайы махаббатына адалдығымен ғана емес, биік адамгершілік – адами қасиетімен, рухани жан әлемінің тазалығымен, шынайылығымен, турашылдық пен ерлікті, адалдық пен сұңғылалықты мойнына тұмар етіп таққан биіктігімен дараланатын Ақтоты, Ұрқия, Сапар, Бәну, Сәния, Бопай, Самал Бибі, Аққозы, Жаған бике т.б. әр автордың алуан түрлі көркемдік тәсілдерге баруына жетекші рөл атқарғанын баса айту қажет» [4, 101-б.].

XX ғасырда жарық көрген бұл туындылар қазақ әдебиетінде әйел бейнесін суреттеу ретінде ерекше орын алады. Сол кезеңде мұндай психологиялық туындылардың жазылуына түрткі болған жағдайларға көз жүгіртсек, авторлардың тақырыбы, баяндау әдістері, кейіпкерлері, сюжеті, шешімі өзгеше келетін шығарма жазуына олардың психология, әдебиеттану және педагогика бағыты бойынша еңбектер жазып, басып шығаруы көп септігін тигізді деп ойлаймыз.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу жұмысына ғылыми ақпарат ретінде шет елдің және отандық лингвист ғалымдарының, әдеби шығармаларды зерттеушілердің, соның ішінде С. П. Белокурованың, А. Б. Есиннің, Л. В. Чернецтың, В. Е. Хализеваның, Б. Майтановтың, Ш. Елеукеновтың зерттеулері, талдаулары қызмет етті. Аталған тұлғалардың теориялық талдаулары мен пікірлері мұрындық болды. Қажеттілікке орай, зерттеу барысында сипаттау әдісі, салыстыру, талдау және жалпылау әдістері қолданылды.

Нәтижелер және тақылау

Көлемі жағынан әртүрлі, бірі роман, бірі әңгіме болса да, екі автор туындыларында ұқсастықтар көп. Біріншіден, «Шолпанның күнәсі» мен «Ұлпан» – әйел тағдырын көрсететін бірегей туындылар. Екеуінде де қазақ әйелінің болмысы, арман-тілегі, тағдыры, қазақтың салт-дәстүрі, отбасы құндылықтары, ана болу тілегі айтылған. Қазақ дүниетанымындағы әйел-ана образын дәл суреттеген, отбасын өзінен жоғары қоятын жанкешті әйелдердің образы бейнеленген.

Екі шығарманың бас кейіпкерлері қазақ қоғамының әр түрлі кезеңінде өмір сүрген. Шолпан – қаймағы бұзылмаған қазақ ауылында өмір сүрген, алайда сол кезде аса кезіге қоймайтын маңызды жайт – өз сүйгеніне, теңіне қосылған жан. Шындығында Шолпан мен Сәрсенбай бақытты еді, екеуі де жас, бірін-бірі сүйіп қосылған: «... қиюласып қосылған екі жанның арасына жат бір үшінші жан түскен соң, екеуінің де жалынды, екпінді махаббаты бүлінер, бәсеңдер, суынар деп қорқушы еді Шолпан» [5, 4-б.]. Шолпанның ойынша, бала өмірге келсе, күйеуі екеуі арасындағы бұрынғыдай махаббат сезімі болмайды. Одан да баласыз жүргеніміз артық деп тұжырымдайды. Оны Шолпан кейін түсінеді. Біздің пайымдауымызша, Шолпан сол уақыттағы қыздардың басына қона бермейтін баққа ие болды: сүйгеніне қосылды. Осы бақыт құсын ұшырып алмайын деп қорықты.

Ұлпан – XIX ғасыр кезіндегі қазақ ауылында өмір сүрген. Шығармаға негіз болған сюжет желісі өмірде болған. Ол өзімен бірге Сибан еліне көп жақсылық пен өзгеріс әкелді. Алайда, Ұлпан өзінен 40 жас үлкен бұжыр бет Есенейге күйеуге шығады. Осы жерде қазақтың тоқал алу, сүйек жаңғырту деген салт-дәстүрін көреміз. Әрі Есеней сияқты қолында билігі бар адамға аз Күрлеуіттің әлі келмейтін қауқарсыздығынан қоғамдағы тап қайшылығын аңғарамыз. Ұлпан жас өмірін қимайтын, үлкен кісіге күйеуге барғысы жоқ балғын көңілін жазушы шебер психологиялық иірімдерімен әдемі суреттеген.

Романда да, шынайы өмірде де Ұлпан мен Есеней арасындағы ерекше сыйластық, ерін ардақтау өте жақсы суреттелген. Жас алшақтығы болса да Ұлпан ақылдылығымен Есенейін жұмсартып, елге қадірлі етті. Шынайы қазақ қоғамында жас қыздардың шалға тоқалдыққа кеткені қыз өмірінің қор болғандығы деп талай рет айтылып та, жазылып та жүр. Ғабиттің Ұлпаны «бір кезде Есенейді оғы болса атардай болып жүрген қыз, енді көнбесіне көніп болған соң, өз басын ақтар дәлелдер іздестіре бастады» [6, 72-б.]. Өзінен қырық жас үлкен шалға өзін қимай, ата-анасының жағдайын түсініп, ерке өскен Ұлпан, естілігін танытты. Көнсе де өзін арзанға түспейтінін ескерткен Ұлпан тіпті ақылдылығымен таң қалдырады. Автор қырық жанды әйелдің психологиясын, ата-анаға деген ерекше жанашырлықты, бір тұсынан айлалы ақылдылықты суреттеп отыр. Бұған дейінгі әйел теңсіздігі туралы

шығармаларда шалға қалың малға сатылған қазақ қыздарының тағдыры өліммен аяқталатын еді. Ұлпанның бостандығы оның даналығында екенін айта келіп, Д.Ысқақұлы, М.Жакенбаева мынадай тұжырым жасайды: «Ұлпан дипломатиялық қабілеттерімен көзге түскен реалистік образ. Оның болмысы – ескі салт-дәстүр мен қоғамда жүріп жатқан жаңа бетбұрыстардың қайшылығында шындалған прогресшіл, демократияшыл болмыс, бүгінгі гендерлік саясаттың ұлттық реформаға сай үлгісіне ие жиынтық бейне. Әйелдің бағасы еркектің рөлін атқарғанда емес, ең ақырына дейін әйел болып қалғанда артпақ» [7, 58-6.]. Ұлпан да, Шолпан да өз заманынан озық туған жаңашыл образ деп пайымдаймыз.

Екіншіден, екі автор да адам жанына терең үңілген. Екі түрлі уақытта, екі түрлі жағдайда, екі түрлі адамға күйеуге тиген әйелдердің психологиясын, жан дүниесінің құбылмалылығын, мақсат-мүдделерінің, қажеттіліктерінің санаға әсерін шебер суреттеген. Мағжан Шолпанның махаббатқа адалдығын, тіпті сол үшін нәрестені де қаламауы, жаратқаннан бере көрме деп тілеуін, жан-тәнімен сүйе білуін, сүйгеніне қосқан тағдырына ризалығын және де жаратқаннан жалынып бала сұрауын, бала болсын деп басын жер-көкке ұруын, сүйгенінің көзіне шөп салуын, отауын баласыз мазарға айналдырған тағдырына ренжуін суреттей отырып, бір адамның бойында, ойында осындай түрлі эмоциялардың болатынын дәлелдегендей. Сүйе тұрып, шөп салу, бас тартып тұрып, тілеу. Бұл ойлар арқылы М. Жұмабаевтың адамның ішкі жан дүниесін терең меңгергендігін Шолпан кейіпкері арқылы анық байқаймыз.

«Шолпанның күнәсі» әңгімесінде терең психологизм жағтыр. Оқырман бір кейіпкердің ішінде аласапыран боп алысқан сезімдері мен ойларын дәлме-дәл сезініп, басқа сыртта болып жатқан әлемнен қол үзе бастайды. Шолпанның ішкі ойлары бала аңсаған жанның ішкі күйін суреттеп, оқырманды «япырау, мұнша сарылғаны қалай?» дегізеді. Ең соңында мүмкін Сәрсенбай бедеу шығар деген кесім шығарады. Бұл Шолпанның жарасын тіптен тырнап жіберген еді. Шолпанның монологы арқылы Мағжан адам психикасы түсініп болмайтын тұстарын оқырманға жеңіл жеткізген. «Жасаған-ау, бала бере көрме!», «Балалы болсам, әдемі өмірім бұзылады-ау», «Бала бере көрме!», «Жасаған-ау, бала бере гөр!» деген күбірінен психологизмнің ізін көреміз. «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің ерекшелігі жөнінде Б.Мамраев былай деп жазады: «...М.Жұмабайұлы өзіне дейін қазақ прозасында әлі жасалмаған жаңа қадамға – адам психикасының құпияларына бойлауға батыл көше білді. Мағжан кейіпкерлері өздерінің қымбат та құпияларына бойлауға батыл көше білді. Мағжан кейіпкерлері өздерінің қымбат та құпия ішкі сезімдерін жария студен, өздерін сол үшін ешкім түсінбеуі мүмкін-ау деген ойдан еш қорықпайды» [8, 8-6.].

Зерттеуші Г. Пірәлі М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» шығармасындағы терең ойлылықты, «ой ағысын» анықтайды [9]. Автордың «Көркем шығармадағы психологизм және оны көріктеу құралдары» деген еңбегі «Шолпанның күнәсіндегі» жазушы қолданған көркемдік тәсіл мен қазақ әдебиетінде болмаған тың жаңалықтарды ашып көрсетеді. Зерттеушінің ойынша, Шолпан ойдың адамы. Біз жоғарыда айтып кеткендей, Шолпан қыздың бағы бес елі еді. Өйткені ол тұрмысқа шығып таппаған бақытты бала сүйіп табамын деп талпынбады. Тіпті ойына алмады. Өйткені мына әлемде Шолпан мен Сәрсенбайдан басқа бақытты адам жоқ еді. Зерттеуші Се Вэйнин Шолпанның бала таппасам болмайды дегенін қоғамдағы әйел теңсіздігіне балап, «Күйеуі Шолпанға ұрыспады, бірақ қоғамдық пікір көзге көрінбейтін қол сияқты оны түпсіз шыңырауға итереді» деген ой айтады [10, 9-б.]. Шолпан сыртқы ортаның сөзіне мән бермеген адам еді. Сәрсенбайдың бір ауыз сөзі оның ойын өзгертіп жіберген болатын. Шолпан жалғыз еді. Онымен тең отырып сөйлесетін, ақылдасатын өзі қатарлы адам болмады. Сол үшін Шолпанда ішкі монолог көп. Ішкі арпалыс көп. Зерттеуші Г. Пірәлі Мағжан осы шығармасында кейіпкерін сыртқы орта арқылы емес, ішкі ортасы, күйі арқылы суреттеген дейді. «Міне, М. Жұмабаевтың творчестволық ерекшелігі, шеберлік даралығы, жалпы кейіпкерінің психологиясын ашудағы түрлік ізденістерінің жетістігі де осында жатса керек. Сананы алға шығарып, бүкіл әлемді ішіне ендіре отырып, үлкен әлеуметтік мәселені қозғаған ақын-автор, Шолпанның шын мәніндегі таңғы шықтай таза табиғатын, жарына деген адалдығын өзге үшін өзі күйіп кете алатын ержүректігін танытады» деген зерттеушінің тұжырымына қосыламыз [9, 93-б.]. Мағжан қолданған көркемдік тәсілдер шығарманың көркемдік дәрежесін арттырып, құнды шығармалар қатарына қосты.

Үшіншіден, Шолпан мен Ұлпанның бір ұқсастығы – біраз уақытқа дейін бала сүйе алмауында. Шолпан үшін бала – жары Сәрсенбай екеуінің бақытты өмір сүруіне себеп болатын бақыт деп санайды, күйеуім бақытты болсыншы деп жасағаннан бала сұрайды. Ұлпанның баласыз қаламын деуінің артында мына Еснейден тұяқ қалмайтын болды ғой деген уайым бар. Шолпан бала керек емес деген ойынан бір түнде айныған. Ол ойға не жетеледі оны? Әрине, жары Сәрсенбайдың «Баласыз үй – мазар» деген бір ауыз сөзі. Осыны ести сала, Шолпан өзінің есалаң тілегінің теріс екенін ұғып, «Жасаған, бала бере гөр!» деп тілеумен жылдарды өткізеді. М.Жұмабаев әйел үшін ана болудың маңыздылығын көрсеткісі келген. Әйел – ұрпақ сүюші, киелі бесіктің иесі, ұлт жалғастырушысы. Осы үлкен мәселені бір әйелдің басына түскен шырмауық оймен ұтқыр баяндаған. Шындығында, Шолпан ерін қатты сүйгеннен барлық мәселені бір өзі шешуге бел байлайды. Шолпанның батылдығы ма, қайсарлығы ма, әйтеуір бір қасиет отбасын сақтап қалуға тырысып жатыр.

Осы бала үшін «Ұрлық қыл да мал тап, Ойнас қыл да ұл тап» деген мақалы арқылы күнә жасағанын жуып-шайғандай болады. Шолпан бір отбасының болашағы үшін жанын шүберекке түйіп жүр. «Осы түннен былай қарай Шолпанның бар тілегі бала болды. Жатса да, тұрса да, ояу болса да, ұйықтаса да: «Жасаған-ау, бала бере гөр!» деген тілекті Шолпанның не аузы, не жүрегі айтушы еді» [5, 8-б.]. Зерттеуші А.Суталиева өз мақаласында Шолпанның осы әрекетін «Шолпан тағдырмен, өмірмен, жаратқанмен ашық күреске түсті» дейді [11, 318-б.]. Зерттеуші Шолпанның тағдырға көнгісі келмей, баланы өзі дұрыс деп тапқан жолмен табуды ойлағыны меңзейді. Иә, Сәрсенбай бедеу еді. Оның бейқамдығынан, әрекетсіздігінен шаршаған Шолпан осындай іске барады. Алайда бұл әрекет те Шолпанның жалғыздығын аңғартады. Шолпан жалғыз өзі уайымға салынса, Ұлпан Есенеймен бірге баланы аңсайды. Есеней де қатты уайымға салынады, ол жасы келіп о дүниелік болып кетсе, Ақнарды баласы жоқ деп барынан айырып, әмеңгерлік ете ме деп те қорықты, өзінің ұрпақсыз өтудің өзі бір қасірет екенін түсініп қайғырады. Екеуі бір-бірінің мұңын мұңдап, перзент күтті. «Шай үстіндегі кеңестен соң екеуінің ойындағы басқа бір түйіншектері оянды. Ол көптен бері жүрген түйіншек – перзент жайы. Есеней – әлі нағыз еркек. Ұлпан болса – болмаса да пісіп болған әйел. Өкелік де бала іздейді, аналық та бала іздейді. Мұрындарына жас қозының иісі келгендей болғанша тіленеді» [6, 451-б.]. «Содан бері аналық дерті күшейіп, кейде тұншықтырардай бунап, кейде өртеп жіберердей күйдіріп-жандырып кетеді» [6, 452-б.]. Шолпанның күнәсі де, кінәсі де – жары Сәрсенбайдың бұның ішіндегі дауылды түсінбегеннен болды деп топшылаймыз. Ұлпан болса бір рулы елдің болашағына, тұрмыс-тіршілігіне алаңдаулы. Есенеймен арадағы дұрыс ымырадан соң, Ұлпанның ақылы мен даналығының арқасында Есенейдің де абыройы асқақтайды. Осындай абыройлы ерден ұрпақ қалдыруды уайымдады Ұлпанның үш жылға дейін бала көтере алмауы оны уайым мен күдік аралас ойға салып қояды. Дәл осы тұста біз қазақ үшін баланың орны қаншалықты маңызды екенін көре аламыз. Қанша жерден бай-қуатты бол, бір-біріңе ғашық бол, бала болмаса төрт құбылаң тең көрінбейді екен. Оны Мағжан да, Ғабит те терең әрі түсінікті түрде оқырманға жеткізе білген. «Бала екеуінің де жоғы емес пе? Екеуіңе де бірдей керек байлам емес пе? Сәрсенбай сол ортақ жоқты неге ортақ іздеспейді? Баласыз өмірдің бос екенін неге сезбейді ол? Еркек атаулы бала дегенде, ішкен асын жерге қойғанда, Сәрсенбай неге бала деп аузына алмайды?» [5, 11-б.]. Міне, адамзат үшін бала – өмірдің мәні.

Екі шығармадан қазақ ауылының бейнесін көреміз. «Шолпанның күнәсі» ертерек жазылғанымен, қазақтың ояну кезеңін суреттегендей көрінеді. «Ұлпанда» қазақ халқының отырықшылыққа ақырындап келе бастағанын байқаймыз. Орыс мұжықтарын әкеліп, үй, монша салдырып,

халық тұрмысының жақсы жаққа ауа бастағанын көреміз. Әлбетте екі шығармадан да «қазақ бейнесін» көреміз. К. Қ. Есіркепованың мақаласында «Ұлпан» шығармасындағы қазақ бейнесінің концептілік жүйесі талданған. «Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы «Қазақ бейнесі» концептісіне ерекше көңіл аударған. «Қазақ бейнесі» концептісі ұлттық – мәдени концептіге жатады. Себебі, ұлттық мәдени концептісі – ұлттық танымда ғана жан-жақты ақпаратымен жүйеленіп, сол ұлттың мәдени құндылығын көрсетеді» деп, концептуалдық талдау жасаған [12]. Біздің ойымызша, зерттеушілер қазақ бейнесін танытатын ұғымдарды барынша дәл тауып көрсеткен.

Екі шығарманың сюжеті де, жанры да өзгеше. Тақырыптық-идеялық жағынан ұқсас деп айта аламыз. Авторлар өздеріне тән стильдік ерекшелікпен, сөзді ойната білуімен шығарманың көркемдігін биікке көтерген.

Мағжан да, Ғабит те қазақ әйелдерінің басында кездесетін бірнеше тағдырларды суреттей отырып, әйел атаулыға бас иеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, екі шығарма да жан көрінісін, жеке тұлғаның тұлғалық қасиеттерін, соның ішінде әйел адамның психологиясын терең танытқан бағасы жоғары туынды десек болады. Себебі әдебиеттегі психологизм тек әдебиеттанушылар үшін ғана емес, терапевттер мен психологтар үшін де өте маңызды, құнды дүние. Оларға әдеби туындылардың объективі адам табиғатын, эмоциялық ауытқуларды және адамның әлеммен байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сөз өнеріндегі психологияның негізгі аспектісінің бірі – кейіпкерлердің талдануы. Әдебиеттегі кейіпкерлер көп жағдайда жеке тұлғаның психикасының түрлі қырларын көрсететін күрделі және де сан қырлы тұлғалар. Олардың жан дүниесіне психологиялық талдау жасау оқырмандарға түрлі эмоцияларды терең түсінуге мүмкіндік береді. Мағжан да, Ғабит те осы тұрғыда шеберлік танытты.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Белокурова, С. П.** Словарь литературоведческих терминов [Текст] – Санкт-Петербург : Патритит, 2006. – 314 с.

2 **Есин, А. Б.** Психологизм русской классической литературы [Текст] – Москва : Флинта, 2024. – 518 с.

3 **Мүсірепов, Ғ.** Тұтқын қыз. Повестер мен ой-толғамдар [Текст] – Алматы : Балауса, 1993. – 512 б.

4 **Кадыров, Ж. Т. І.** Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы әйелдер тағдыры [Текст] М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Хабаршысы. – 2018. – № 3(40). – 99 б.

5 **Жұмабаев, М.** Шығармалары (әдеби басылым). Т. 2. Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер. [Текст] Құраст. : С. Жұбаниязов. – Алматы : Жазушы, 213. – 376 б.

6 **Мүсрепов, Ф.** Таңдамалы [Текст]. – Алматы : Жазушы, 1980. – Т. 3. – 584 б.

7 **Ысқақұлы, Д., Жакенбаева, М. К.** Қазақ қоғамындағы әйел болмысының ұлттық әдебиетіміздегі көрінісі [Текст]. – Алматы, : 2022. – Т. 74. – №. 1. – 52 б.

8 **Йылдыз, Н.** Ата «Ұлпан» романындағы әйел тағдыры [Текст] Хабаршы. Филология сериясы. – 2023. – № 2 (190). – 149–157 бб.

9 **Пірәлі, Г.** Көркем прозадағы психологизм және оның бейнелеу құралдары: оқу құралы [Текст] – Алматы : Қазақ университеті, 2016. – 336 б.

10 **Weining, H. M.** Қазақ-қытай әдебиетіндегі әйел теңсіздігі мәселелері [Текст] Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2019. – Т. 174. – № 2. – С. 11.

11 **Sutaliyeva, A. M.** Судьба женщины в изображении ЛН Толстого, Г. Флобера и М. Жумабаева: общее и различия в их трактовках [Текст]. // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2014. – №4. – 150 б.

12 **Есіркепова, К. Қ., Елепай, А. А., Укенова, Т. М. Ф.** Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы «Қазақ бейнесі» концептісі [Текст]. – ҚМПИ Жаршысы. – 2024. Гуманитарлық және өнер ғылымдары сериясы. – № 1(73). – 43 б.

References

1 **Belokurova, S. P.** Slovar` literaturovedcheskix terminov/Partit [Dictionary of literary terms [Text] – Saint-Petersburg : Partit, 2006 – 314 p.

2 **Yesin, A. B.** Psixologizm russkoj klassicheskoj literatury/kniga dlya uchitelej [Psychology of Russian classical literature/book for teachers] [Text] – Moscow : Enlightenment, 1988 – 176 p.

3 **Musrepov, G.** Tutkyn kyz. Povester men oj – tolgamdar [The imprisoned girl. Stories and reflections] [Text] – Almaty : Balausa, 1993. – 512 p.

4 **Kadyrov, J. T.** I.Esenberlinnin «Koshpendiler» romanındagy ajelder tagdyry [The fate of women in the I. Yesenberlin's novel «Nomads»] [Text] // Bulletin of the North Kazakhstan University named after M. Kozybaev. – 2021. – №. 3(40). – 99–108 pp.

5 **Zhymabaev, M.** Shygarmalary (adebi basy`ly`m). 2-tom : Angime, gy`ldy`m еңбек, makalalar. audarmalar, zhariyalanbagan olender/kurast. Sandibek Zhubaniyazov [(literary edition). Volume 2 : conversation, scientific work, articles. translations, poems for publication / Comp.Shadybek Zhubaniyazov] [Text] – Almaty : writer, 2013. – 376 p.

6 **Musrepov, Gabit.** Tandamaly`. Ush tomdy`k [Selective. In three volumes] [Text] – Almaty : writer, 1980. Vol. 3 novels and poems – 584 p.

7 **Iskakovich D., Zhakenbayeva, M. K.** Kazak қогамындағы әжел болмысынyn ulttyk adebietimizdegi korinisi [Reflection of female identity in Kazakh society in national literature] [Text] // Caravan of a teacher: Institute of Literature and Art named after MO Auezov, KN MES RK. – 2022. – Vol. 74. – No. 1. – 52–62 pp.

8 **Yildiz, N.** Ata «Ulpan» romanyндағы әжел tagdyry [the female fate in the novel «Ulpan» Ata] [Text] // Vestnik. Philological series, – № 2(190). 2023. – 149–157 pp.

9 **Pirali, G.** Korkem prozadagy` psixologizm zhane onyn bejneleu қuraldary [Psychologism in fiction and its visual means] [Text] // textbook. Almaty : Kazakh University – 2016. – 336 p.

10 **Weining, H. M.** Kazk-kytaj adebietindegi әжел tensizdigi maseleleri [Problems of female inequality in Kazakh-Chinese literature] [Text] // Bulletin of the Treasury. The series is philological. – 2019. – vol. 174. – No. 2. – 4–11 pp.

11 **Sutaliyeva, A. M.** Sud`ba zhenshiny` v izobrazhenii LN Tolstogo, G. Flobera i M. Zhumabaeva: obshhee i razlichiya v ix traktovkax. [The criminal record of women in the invention of LN Tolstoy, G. Flaubert and M. Zhumabaev: common and different interpretations] [Text] // Bulletin of the Treasury. The series is philological. – 2014. – vol. 150. – No. 4-5.

12 **Esirkepova, K. K., Yelepai, A. A., Ukenova, T. M.** Musirepovtin «Ulpan» romany`ndaғы` «Kazak bejnisi» konceptisi [The concept of «the image of the Kazakh» in G. Musrepov`s novel «Ulpan»] [Text] – Bulletin of the KSPI. A series of humanities and arts. 2024 – No. 1 (73). – 43–48 pp.

29.10.24 ж. баспаға түсті.

11.11.24 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. Т. Кадыров¹, Ж. С. Қулибекова², А. К. Шапауов³, Г. К. Бигужина⁴

^{1,2,4}Северо-Казakhstanский университет имени М. Козыбаева,

Республика Казахстан, г. Петропавловск;

³Казakhstanский национальный университет искусства,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 29.10.24.

Поступило с исправлениями 11.11.24.

Принято в печать 17.02.25.

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ РАССКАЗА М. ЖУМАБАЕВА «ГРЕХ ШОЛПАН» И РОМАНА Г. МУСРЕПОВА «УЛПАН»

Казахская литература XX века очень богата произведениями, иллюстрирующими женский образ в новом свете. В числе таких произведений – повесть «Грех Шолпан» и роман «Улпан», которые принесли новый подъем в историю казахской литературы. В статье сделан сравнительный анализ рассказа Магжана Жумабаева «Грех Шолпан» и романа Габита Мусрепова «Улпан». Анализ основывается на тематических, идейных, художественных особенностях произведений. Особенно ярко иллюстрируется судьба казахских девушек, которые были матерью нации, воспитательницами поколения, жалостью династии. Своеобразие произведений, создающее впечатление трогательных чувств и душевных размышлений, неожиданность образа героев, поэтический язык в произведениях, волнения, переплетающиеся с мыслью героя, приводят к познанию художественной природы произведений.

Внутренний мир каждого человека наполнен нежными и глубокими чувствами. Умение передать эти чувства читателю – это мастерство автора. Внутренние чувства автор часто передает через психологические моменты. Такие психологические детали не могут не задеть душу, сердце читателя. Именно поэтому в основе нашей сегодняшней статьи лежит отражение внутренней психологии женщины-двойника. В произведениях «Грех Шолпан» и «Улпан», представляющих собой классические произведения, занимающие видное место в казахской литературе, отчетливо прослеживается женская психология и тонкая натура.

Есть сходства и различия между образами Улпан Г. Мусрепова, создавшего галерею матерей в казахской литературе, и Шолпан великого поэта Магжана. В статье эти особенности анализируются фрагментами произведения.

Рассказ Магжана «Грех Шолпан» и роман Габита «Улпан» открыли психологические складки женской души, положили начало новому направлению в казахской прозе.

Ключевые слова: образ женщины, продолжение рода, образ матери, казахская женщина, психологизм в литературе.

*Z. T. Kadyrov¹, Z. S. Kulibekova², A. K. Shapauov³, G. K. Biguzina⁴

^{1,2,4}North Kazakhstan University named after M. Kozybayev,

Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk;

³Kazakh National University of Art,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 29.10.24.

Received in revised form 11.11.24.

Accepted for publication 17.02.25.

COMPARATIVE ANALYSIS OF M. ZHUMABAEV'S SHORT STORY «THE SIN OF SHOLPAN» AND G. MUSREPOV'S NOVEL «ULPAN»

Kazakh literature of the twentieth century is very rich in works illustrating the female image in a new light. Among such works are the novel «The Sin of Sholpan» and the novel «Ulpan», which brought a new rise in the history of Kazakh literature. The article makes a comparative analysis of Magzhan Zhumabayev's short story «The Sin of Sholpan» and Gabit Musreпов's novel «Ulpan». The analysis is based on the thematic, ideological, and artistic features of the works. The fate of Kazakh girls, who were the mother of the nation, the educator of the generation, and the pity of the dynasty, is especially vividly illustrated. The originality of the works, which creates the impression of touching feelings and spiritual reflections, the surprise of the image, the image of the heroes, the poetic language in the works, the excitement intertwined with the thought of the hero, lead to the knowledge of the artistic nature of the works.

The inner world of each person is filled with tender and deep feelings. The ability to convey these feelings to the reader is the skill of the author. The author often conveys inner feelings through psychological moments. Such psychological details cannot but touch the soul, the heart of the reader. That is why our article today is based on a reflection of the inner psychology of a female doppelganger. In the works «Sin of Sholpan» and «Ulpan», which are classic works that occupy a prominent place in Kazakh literature, women's psychology and subtle nature are clearly traced.

There are similarities and differences between the images of Ulpan G. Musreпов, who created the gallery of mothers in Kazakh literature, and Sholpan of the great poet Magzhan. In the article, these features are analyzed by fragments of the work.

Magzhan's story «The Sin of Sholpan» and Gabit's novel «Ulpan» opened the psychological folds of the female soul, marked the beginning of a new direction to Kazakh prose.

Keywords: the image of a woman, procreation, the image of a mother; Kazakh woman, psychologism in literature.

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz